

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 478 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 553 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында " электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды, ақпараттандыру процестерін қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 50, 473-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Тілеубердин - Қазақстан Республикасының Премьер-
Алтай Абылайұлы Министрі Кеңсесінің Басшысы, төраға

Сәрсембаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Өмірзақ Нұрғалиұлы Министрінің Кеңсесі Өндірістік сала және
инфрақұрылым бөлімінің бас сарапшысы,

хатшы

Жуат - Қазақстан Республикасы Президентінің
Мұратхан Жуатұлы Әкімшілігі Мемлекеттік құпияларды қорғау
және ақпараттандыру бөлімінің меңгерушісі

(келісім бойынша)

Дауылбаев - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының
Асхат Қайзоллаұлы орынбасары (келісім бойынша)

Баймағанбетов - Қазақстан Республикасы Экономикалық
Серік Нұртайұлы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа

	қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Көмекбаев	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Әли Амантайұлы	қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Сақалов	- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Болат Зиядаұлы	аппараты басшысының орынбасары (келісім бойынша)
Жоламан	- Қазақстан Республикасының Мәдениет, Рүстем Қабидоллаұлы ақпарат және спорт бірінші вице-министрі
Ізмұхамбетов	- Қазақстан Республикасының Энергетика
Бақтықожа Салахатдинұлы	және минералдық ресурстар бірінші вице- министрі
Кесікбаев	- Қазақстан Республикасының Қоршаған
Сұлтанғали Қабденұлы	ортаны қорғау бірінші вице-министрі
Әбдіқалықова	- Қазақстан Республикасының Еңбек және
Гүлшара Наушақызы	халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Амангелдиев	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Ардақ Амангелдіұлы	сақтау вице-министрі
Әмірин	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице- министрі
Асқар Кемеңгерұлы	- Қазақстан Республикасының Әділет вице- министрі
Асанов	- Қазақстан Республикасының Білім және
Жақып Қажманұлы	ғылым вице-министрі
Әбдімомынов	- Қазақстан Республикасының Экономика
Азамат Құрманбекұлы	және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Сұлтанов	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Бақыт Тұрлыханұлы	министрінің орынбасары
Зверьков	- Қазақстан Республикасы Статистика
Вадим Павлович	агенттігі төрағасының орынбасары
Төртаев	- Қазақстан Республикасы Табиғи
Бауыржан Қадырұлы	монополияларды реттеу агенттігі
Нефедов	төрағасының орынбасары
Алексей Петрович	- Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары
Бөкенов	- Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары
Қайрат Ахмадиұлы	
Долженков	
Виктор Анатольевич	

Савченко	- Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары
Александр Георгиевич	
Әбдібеков	- Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары
Нұрмұхамбет Қанапияұлы	
Бочин	- Павлодар облысы әкімінің орынбасары
Виктор Захарович	
Бортник	- Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары
Михаил Михайлович	
Ыдырысов	- Қызылорда облысы әкімінің орынбасары
Құттықожа Ыдырысұлы	
Качало	- Батыс Қазақстан облысы әкімінің
Станислав Павлович	орынбасары
Төлебаев	- Астана қаласы әкімінің орынбасары
Марат Еркінұлы	
Тоғжанов	- Қарағанды облысы әкімінің орынбасары
Ералы Лұқпанұлы	
Тұрғымбеков	- Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі
Әуелхан Елтайұлы	аппаратының басшысы
Политкин	- Ақмола облысының әкімі аппаратының
Николай Афанасьевич	басшысы
Нақпаев	- Атырау облысының әкімі аппаратының
Сәлімжан Жұмашұлы	басшысы
Мұрзалин	- Солтүстік Қазақстан облысының әкімі
Мәлік Кеңесбайұлы	аппаратының басшысы
Ко	- Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты
Константин Валентинович	басшысының орынбасары
Бишіғаев	- "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының
Асқар Дарушұлы	бизнесті дамыту жөніндегі вице-президенті
	(келісім бойынша)
Молдағалиев	- "Қазпочта" акционерлік қоғамының
Дәурен Тұманбайұлы	басқармасы төрағасының орынбасары
	(келісім бойынша)
Баишева	- "Цеснабанк" акционерлік қоғамының
Вера Ивановна	басқармасы төрағасының орынбасары
	(келісім бойынша)
Өскенбаева	- "Каспий банкі" акционерлік қоғамының
Анар Максимқызы	басқарушы директоры (келісім бойынша)
Шамұратов	- "Қазкоммерцбанк" акционерлік қоғамының
Ермек Насырединұлы	басқарушы директоры (келісім бойынша);

мына:

"Бектасов - "Қазақтелеком" ашық акционерлік
Әбен Ағыбайұлы қоғамының президенті"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Бектасов - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру
Әбен Ағыбайұлы және байланыс агенттігінің төрағасы,
төрағаның орынбасары";

мына:

"Жақыпов - Қазақстан Республикасының Президенті
Мирболат Хабиұлы Әкімшілігі Кеңсесінің Жалпы бөлімінің
менгерушісі (келісім бойынша)

деген жолда "Кеңсесінің" деген сөз алынып тасталсын;

мына:

"Исин - "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық
Нұрлан Құрманғалиұлы акционерлік қоғамы басқармасының
төрағасы (келісім бойынша)"

деген жолда "жабық" деген сөз алынып тасталсын;

мына:

"Щелконогов - Қазақстан Республикасының Президенті Іс
Игорь Рудольфович басқармасының Жалпы бөлімі ақпараттандыру
секторының менгерушісі (келісім бойынша)"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Щелконогов - Қазақстан Республикасының Президенті Іс
Игорь Рудольфович басқармасының бюджеттік жоспарлау және
қаржылық бақылау бөлімі ақпараттандыру,
компьютерлендіру секторының менгерушісі
(келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы, Канешев Біржан Бисекенұлы, Жандосов Ораз Әлиұлы, Келімбетов Қайрат Нематұлы, Маханбетәжиев Батыр Әпенұлы, Шалахметов Ғаділбек Минажұлы, Кәрентаев Ермек Амангелдіұлы, Нәлібаев Әбдіқалық Зәкірұлы, Рябченко Олег Григорьевич, Ержанов Бақыт Ахметұлы, Молчанов Сергей Николаевич, Могильный Валерий Валентинович, Жақыпбеков Сембек Сәбетұлы, Кан Людмила Михайловна, Степанова Валентина Алексеевна, Құрманов Алмас Мұхаметкәрімұлы, Дунаев Асқар Ғалиасқарұлы шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығын іске асыру мақсатында құрылады";

2 - тармақ алынып тасталсын;

4 - тармақта :

екінші абзацтағы "Бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздер "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" инфрақұрылымын қалыптастыру мен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "жоспарлары мен бағдарламаларын қарау және келістіру" деген сөздер "жоспарлары мен бағдарламалары жөнінде ұсыныстар әзірлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға "ақпараттық қоғам" жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық және әдіснамалық база жөнінде ұсыныстар әзірлеу";

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік органдардың электрондық қызметтерін қалыптастыру және дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу";

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"деректерді электрондық беру мен алмасудың қазақстандық стандарттарын, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық индустрияның дамуын ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу";

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"электрондық үкімет" қызметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, "ақпараттық теңсіздікті" жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім деңгейін арттыру жөнінде іс-шаралар әзірлеу";

алтыншы абзацтағы "бірыңғай ақпараттық кеңістікті" деген сөздер "ақпараттық қоғамды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"электрондық үкімет" инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын оңтайландыру жөніндегі жұмысты үйлестіру";

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін "электрондық үкімет" қалыптастырудың және "ақпараттық қоғамды" дамытудың проблемалары

жөнінде материалдар мен ұсынымдар дайындау";

оныншы абзацтағы "Біртұтас ақпараттық кеңістік құрудың тұжырымдамасын іске асыру жөнінде" деген сөздер "электрондық үкімет" қалыптастыру, мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру мен "ақпараттық қоғам" дамыту жөнінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "мекемелермен келісім бойынша" деген сөздерден кейін "ақпараттық қоғамды" қалыптастыру мен" деген сөздермен толықтырылсын, "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру жөніндегі жұмыс пен" деген сөздер алынып тасталсын;

он екінші абзацтағы "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды" деген сөздер "электрондық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацтағы "мемлекеттік мекемелерде" деген сөздерден кейін "электрондық үкіметтің" базалық құрамдас бөліктерін, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

он бесінші және он алтыншы абзацтар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"орталық және жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар мен Комиссияға енгізілген өзге де ұйымдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдер шығару, оларды өзгерту немесе олардың күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, ғылыми және зерттеу мекемелерінен сараптамалар жүргізу мен консультациялар үшін келісім бойынша тиісті бейіндегі мамандарды тартады және қажет болған кезде жұмыс топтарын ұйымдастырады;

"электрондық үкімет" қалыптастыру мен мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру жөнінде жұмыстар жүргізу үшін бюджет қаражатын, директивалық кредиттерді және басқа да мемлекеттік қаржыландыру көздерін (оның ішінде қарыздар) пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді";

"Комиссияның құқығы" деген бөлімше алынып тасталсын;

5-тармақтағы "үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "мәжілістерін" деген сөзден кейін "мәжілістің бекітілген жоспарына сәйкес және" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне жүктелсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК